

РИМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ. РИМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ МӘНІ.

1. Рим құқығының ұғымы және негізгі белгілері. Рим құқығының тарихи мәні.
2. Рим құқығының қайнар көздері.
3. Юстиниан кодификациясы.

1. РИМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ. РИМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ МӘНІ.

«Рим құқығы» термині құл иеленушілік
қауымда құрылған Рим мемлекетінің, яғни
антикалық Римнің құқығын білдіреді. Рим
құқығының жүйесі сондай-ақ бұл мемлекеттің
тарихи дамуы тұтастай алғанда көбінесе
шет мемлекеттер құқығының тарихы
курсында оқытылады.

Рим азаматтық құқығының оқыту пәні —
мүліктік құқықтың маңызды институттары
болып табылады (отбасылық қатынастарда
жатады).

РИМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ӘРІ ҚАРАЙ ДАМУЫН ТҰТАСТАЙ АЛЫП ҚАРАҒАНДА 2 ДӘУІРГЕ БӨЛУГЕ БОЛАДЫ:

▣ I дәуір — Рим құқығының құрылуы мен дамуы. Ежелгі Рим мемлекетінің қалыптасуымен байланысты (Антикалық мәдениетімен қоса) (б.э.д. VIII - б.э. V ғғ).

▣ II дәуір — тарихи дәстүрге байланысты Рим құқығының басқа елдермен тығыз байланыста дамуы (саяси жағынан, заң тәжірибесінен, ағарту ісі мен заң ғылымы жағынан) (б.э. VI ғ).

Мұндағы Рим құқығының пайда болуы мен дамуын зерттеушілер екінші кезеңге байланыстырады. Бұл кезенді кейде классикалық Рим құқығы кезеңі деп те атайды.

2. РИМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ.

Рим құқығына байланысты көптеген елдерде «қайнар көз» ұғымын бірнеше мағынада түсіндіреді, олар:

- 1) құқық нормаларының мазмұны ретінде.
- 3) құқықты тану ретінде.
- 2) құқық нормаларының құрылу (қалыптасу) тәсілі мен нысаны ретінде;

РИМ ҚҰҚЫҒЫНДА ҚАЙНАР КӨЗДІҢ МЫНАДАЙ ТҮРЛЕРІ КЕЗДЕСЕДІ.

1) Әдеттік құқық
(әдет-ғұрып)

2) Заңдар

3)
Магистраттық
құқық

4) Заңгерлердің
іс-әрекеті

5) Мемлекет
басшысының
(императордың)
қаулылары

1. Әдеттегі құқық – тәжірибеде кездесетін нормалар, яғни бұл адамдардың жүріс-тұрыстарының ережелері. Адамдар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуде әдет-ғұрып мінез-құлықтың неғұрлым көне әрі қуатты нормативі болып табылады. Көне Рим дәуіріндегі әдет-ғұрыптардың нормалары мен институттары түгелдей заң нормасынан аспаған. Тек қана мемлекеттік билігі бар қоғамның мүддесіне сай заң нормасына айналған. Яғни заңды күші бар саяси өкімет жол берген әдет-ғұрыптар ғана құқықтық әдет-ғұрыпқа айналған. Әдетте олар арнайы еш жерде тіркелмеген. Олардың көбінің түп-тамыры сонау көне заманға кетеді. Ұрпақтан ұрпаққа ауысқан.

2. Заңдар. Рим құқығының мәдениетінде негізгі құқық ретінде заң қарастырылды. Заңның заң екендігін білдіру үшін ол арнайы органнан шығуы тиіс болды және оны халық орындауға міндетті болатын. Заңдарға қаулылар жатты, олардың өзіне тән мазмұндары мен тәртіптері көзделетін.

3. Магистраттық құқық
(магистраттар эдикттері). Рим
мемлекетінің саяси дәстүрінде
ежелгі кездерде әкімшілік
функцияны атқаратын арнайы
мамандар болған жоқ. «Эдикт»
деген термин магистраттың
ауызша хабарлауы дегенді
білдіреді. Ал магистраттың өзі Рим
мемлекетінде - мемлекет
қызметшісін білдірген.

4. Заңгерлердің іс-әрекеті.
Заңгерлікпен айналысу Ежелгі
Римде ең көрнекті қызмет
болып есептелетін. Білімді
заңгер сол заманның өзінде
құқық жағынан кеңестер беріп,
сот мәжілістерінде катысып,
ғылым мен білім саласында да
еңбек етіп жүрген.

5. Мемлекет басшысының қаулысы. Мемлекеттік-саяси мәдениеттің тұрақтануына байланысты, монарх өзінің билігін көрсету үшін түрлі қаулылар шығара бастады, Рим құқы үшін бұлда қайнар көз ретінде кірді.

ҚАУЛЫНЫҢ МЫНАДАЙ ТҮРЛЕРІ ҚОЛДАНЫЛДЫ

1) ЭДИКТ НЕМЕСЕ ЖАРЛЫҚ — БҰҒАН
БАРЛЫҚ НОРМАЛАР ТҰТАСТАЙ
РЕТТЕЛІНГЕН (ЖЕКЕ ЖӘНЕ
ЖАРИЯЛЫ САЛА).

2) МАНДАТ — МЕМЛЕКЕТ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖҮКТЕЛГЕН
ҚАУЛЫ, КӨБІНЕСЕ ЖЕКЕ НЕМЕСЕ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАЛАРЫНА
АРНАЛҒАН.

▣ 3) Рескрипт - жеке
тұлғалардың
сауалдарына
императордың
жіберген жауабы.

▣ 4) Декрет —
императордың сот
шешімі.

3. ЮСТИНИАН КОДИФИКАЦИЯСЫ.

Алғашқыда Юстиниан жарлығы 3 бөліктен тұрды:

1) Рим жеке құқығының оқулығы (Институция);


2) Рим заңгерлерінің еңбектерінің жинағы (Дигестер немесе грекше Пандекттер).

3) жарғылар жинағы рим императоры Адрианнан (б.э. II ғ) бастап Юстинианға дейін, бұған әкімшілік, қылмыстық, қаржылық, шіркеулік және жеке құқықтар кірген.

Кейін 4-ші бөлік болып Новеллалар қосылды.

Новеллалар — 534-556 жылдары шыққан жаңа заңдар жинағы.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!



ОРЫНДАҒАН: КОШЕРБАЕВ РУСТЕМ * ЮҚ112

*